


Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

«8 минуттық кітап оқу» – интеллектуалдық ойын



Кітапханашы: Г.Сариева

Анықтамa

Іс-шара тақырыбы: «8 минуттық кітап оқу» – интеллектуалдық ойын

Мақсаты: Кітап оқуға ынталандыру, зейін мен есте сақтау қабілетін дамыту, оқыған ақпаратты дұрыс әрі тез жеткізуге баулу

Қатысушылар: 5–9 сынып оқушылары

Іс-шара барысында оқушыларға белгіленген уақыт ішінде кітап немесе мәтін оқуға 8 минут беріліп, кейін сұрақ-жауап арқылы оқығандарын талдау тапсырылды. Интеллектуалдық ойын форматында өткен бұл шара оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын оятып, түсініп оқуға, ойын жүйелі жеткізуге, шапшаң әрі нақты жауап беруге үйретті. Бұл іс-шара «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылып, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруды, зейінін, ойлау қабілетін, есте сақтауын дамытуға бағытталады.

СЦЕНАРИЙ

Іс-шара атауы:

«8 минуттық кітап оқу» – интеллектуалдық ойын

Форматы:

Оқу – есте сақтау – жауап беру ойыны

Мақсаты:

- Кітап оқуға деген ынтаны арттыру
- Оқушының зейін, назар, есте сақтау дағдысын жетілдіру
- Сыни ойлау мен жылдам жауап беру қабілетін дамыту

Өткізу күні:

Қатысушылар:

2–4 сынып оқушылары

Кіріспе сөз:

Құрметті оқушылар!

Бүгін біз ерекше формата өтетін «8 минуттық кітап оқу» интеллектуалдық ойынына қатысамыз. Бұл ойын сендердің жылдам оқи білу, түсіну, есте сақтау, зейін қою және сол бойынша нақты жауап беру қабілеттеріңді дамыту үшін өткізіледі. Ойынның негізгі мақсаты – кітап оқудың маңыздылығын ұғындыру және қызығушылықты ояту.

Ойынбарысы:

✓ **1-бөлім: Танысу / Ереже түсіндіру (2 минут)**

- Әр оқушығанемесетопқа 1 кітапнемесекыскамәтінберіледі
- Оқуғадал 8 минут уақытберіледі
- Уақытаякталғансоңкітаптаржинапалынады
- Сұрақтарқойылады (мәтінмазмұнына, кейіпкерлерге, оқиғажелісінебайланысты)

2-бөлім: 8 МИНУТТЫҚ КІТАП ОҚУ (8 минут)

Оқушыларүнсіз, мұқиятберілгенкітаптың/мәтінніңбелгілібірбөліміноқиды. Уақытбелгіленгенсоңкітапжиналады.

3-бөлім: Интеллектуалдық СҰРАҚ-ЖАУАП (15 минут)

Әр оқушығажекенемесекомандағатөмендегідейсұрақтарқойылады:

Сұрақүлгілері	Бағалау
Негізгікейіпкердіңесімікім?	1 ұпай
Оқиғақайжердеорбіді?	1 ұпай
Мәтіндегібақты ой не?	2 ұпай
Кейіпкерқандайқиындықтыбастанкешті?	2 ұпай
Бүл оқиғасағанқандай ой тастады?	3 ұпай

Ұпайларбойыншажеңімпаздаранықталады (жекенемесетоппен)

Қорытындылау:

- Қатысушылар жауаптарының сапасы мен есте сақтау қабілеті бағаланады
- Жеңімпаз оқушылар марапатталады (мадақтама, сыйлық, т.б.)
- Кітапханашы қорытынды сөз сөйлейді:
«Бүгін біз тек оқып қана қоймай, оқығанды есте сақтап, талдай білудің маңызды екеніне көз жеткіздік. Әр күнін 8 минуттық кітап оқумен бастасаң – ойың ояу, тілің бай, сөзің мәнді болады!»

"Балалар кітапханасы" жобасы аясында 8 минуттық кітап оқу.




№2 Ж. Жабает атындағы
бастауыш мектеп
кітапханасында өткен
«Жүректен жүрекке» атты
іс - шараның

М Ә Л І М Е Т І

Мектебімізде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Жүректен жүрекке» іс – шарасы өткізілді. Іс – шарада ерекше оқытуды қажет ететін балаларға рухани қолдау көрсетіп мейіріммен қамқорлықтың мәнін түсіндірді. Балаларға қуаныш сыйлайтын түрлі қызықты ойындар, кітап оқу сәттері және жылы тілектер ұсынылып, олардың көңілдері көтерілді. Шараның басты мақсаты: балаларды қолдау, бойына ізгілік пен сенім ұялату, қоғамда бейімделуіне ықпал ету, сондай ақ оқушыларды мейірімділік пен қайырымдылыққа тәрбиелеу.

Дайындаған: Г.Сариева

Ерекше білімді қажет ететін балалармен өткізілген «Жүректен жүрекке»
іс –шарасынан көріністер



Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

**«Кітап-
білімбұлағы»
(кітап тарату)**

Кітапханашы: Г.Сариєва

2025-2026оқу жылы

Түркістан облысы
Шардара ауданы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

«Тіл әр халықтың байлығы»



Кітапханашы: Г.Сариева

Мәлімет

5 қыркүйек – Тілдер күніне орай мектеп кітапханасында «Тіл әр халықтың байлығы» атты кітап көрмесі өткізілді. Іс-шараға 2-4 сынып оқушылары қатысты.

Мақсаты: оқырмандарға мемлекеттік тілдің маңызын, қасиетін ұғындыру, өз тілін құрметтеуге шақыру. Кітап көрмесіне А.Байтұрсынұлының тіл танымдық мұрасы және басқа кітап мұрасы қойылды.

Оқушылар өз өнерлерін көрсетті: өлең оқыды, мақал-мәтелдер айтты. Тіл - ұлттың мақтанышы, тірегі, жүрегі екендігіне кең түсінік бере отырып, Қазақстанда тұратын барлық халықтарың тілдерін құрметтеу, кітапты оқуға тарту, оқу мәдениетін арттыру, Қазақстандық патриотизмді нығайту.

**№2 Ж.Жабаев атындагы бастауыш мектебинде Тілдер
мерекесіне орай «Тіл ар халықтың байлығы» атты кітап
көрмесінен көріністер**



«АБАЙ – ДАРА, АБАЙ - ДАНА ҚАЗАҚТА»

Қайырлы күн, құрметті ұстаздар! Қадірлі өнер сүйер қауым!

Бүгін мектебімізде халқымыздың перзенті, қазақ халқының ұлы ойшыл ақыны, данышпаны Абай Құнанбайұлына арналған кітапханашының ұйымдастыруымен ұстаздар арасында өтетін «Абай – дара, Абай – дана қазақта» атты Абайдың 180 жылдығына арналған әдеби кешке қош келіпсіздер!

Абай – дара, Абай – дана қазақта

Төзе білген заманында азапқа

Көтерем деп қайтсем қара халқымды

Заманынан оза білді талпынды

Еш кетпеді ұлы жанның арманы

Ұрпақтары ақындығын жалғады

Өзі өлсе де сөзі өлмейді ақынның

Қарашықтай қазынасын қорғады

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған,
Өлді деуге бола ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, – деп төрелігін өзі шешкен Абай бүгін жарқын бейнесімен де, жалынды жырымен де бізбен бірге өмір сүріп келеді, мәңгі өмір сүре бермек!

Асыл сөзді іздесең,

Абайды оқы ерінбе.

Адамдықты көздесең,

Жаттап оқы көңілге - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай, ұлы тұлғамыз - Абай Құнанбаевтың шығармашылығына арналған *әдеби*
кешімізді
бастаймыз.

1. Бастауыш сынып мұғалімі
2. Бастауыш сынып мұғалімі
3. Бастауыш сынып мұғалімі
4. Кенжешова Мейрамкүл
5. Асылбекова Шолпан

Темирова Нағима апай
Ақбердиева Тынығай апай
Жұмаділлә Никара апай

6. Мәлікайдар Марал
7. Болатбекова Аякөз
8. Жұмағұлова Жадыра

«Өлең – сөздің патшасы, сөз – сарасы». Абайдың кез-келген бір өлеңін мәнерлеп айту.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда». Абайдың бір қара сөзін айту

Жүректен өлең төгіп, қосқан жырға,

Тұлпардай топтан озған жүйрік тұлға.

Қошеметтеп, көрермен, қол соғындар

Абайдың қара сөзін оқып көрші,

Беріліп жан-тәніңмен көңіл бөлші.

Әрбір сөзінде терең ой бар,

Ұстаздарды марапаттау.

Абай шығармаларының мағынасын терең бойлап ұғып, түсіне алатын, Абай дәстүрін жалғастырушылар тобы молая түскеніне бүгін тағы бір көзіміз жетті.

Біз үшін Абай шығармалары – үлкен тәрбие мектебі. Себебі, оның өлеңдерінің жастарды білімге, еңбекке, адамгершілікке баулитынына міне, біз бүгін тағы да көз жеткізіп отырмыз. Сайысты Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «... Менің балаларыма, ертеңгі ұрпағыма Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс» деген сөзімен аяқтағымыз келіп отыр. "Асыл сөзді іздесең Абайды оқы, ерінбе..." демекпіз.

Келесі кездескенше сау саламатта болыңыздар!

Абай дара, Абай дана қазақта



Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

«Ұстаз – ұлағатты тұлға»

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Ұстаз – ұлағатты тұлға»

Мақсаты: бүкіл адамзат баласы бас иер асыл тұлға ұстаздардың ерен еңбегін, мол қадірін, тарихтағы баға жетпес орнын паш ету; жас ұрпақты ұстазды құрметтеуге, адамгершілікке, сыйлап түсіне білуге үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырын түсіндіру; ұстаз еңбегін әрқашанда бағалай білуге үйрету.

Көрнекілігі: ұлағатты сөздер жазылған плакаттар, сурет, гүлдер, шарлар.

Барысы:

- I. Тәрбие сағатын ашып, ұстаздарды төл мерекесімен құттықтау.
- II. Ұстаздарға арнау (өлеңдер оқу).
- III. Пікір алысу.
- IV. Ұстаздар құрметіне өнерлерін көрсету.
- V. Қорытынды.

Жүргізуші: Құрметті Ұстаздар, қымбатты оқушылар! «Ұстаз – ұлы тұлға» атты ашық тәрбие сағатымызды ашық дей отырып, Қадірлі Ұстаздар, сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Сіздердің шәкірттерді тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатудағы жас буынға дұрыс бағыт-бағдар беру жолындағы еңбектеріңіз жана берсін демекпіз!

4-сынып оқушысы Жарқынбаева Мөлдірдің «Ұстаздар бар ардақты» атты өлең шумақтарын тамашалаңыз.

Ұстаз деген, уа шіркін, атың қандай,
Балаға пейілің кең, тілің балдай.
Сіздермен мына мектеп мерейленіп,
Мың-мың шәкірт ұшады қарлығаштай.
Бұл мектепте ұстаздар бар ардақты,
Бәрі ақылды, білгірлер ғой жан-жақты.
Ұстазым деп мақтана алам әрқашан,
Жалғыз сіз ғой бұл өмірде салмақты.
Біз сіздерді ұстазым деп сыйлаймыз,
Ешқашан да біз сіздерді қимаймыз.
Әрқашан да ұстазым деп жырлаймыз,
Бұл әнді тек сіздерге біз арнаймыз.

Мұғалімдік-ең құрметті мамандық,
Жас ұрпақты өсіретін адам ғып.
Ұстаздардан адамзатқа таралған
Мол мейірім, ізгілікпен адалдық.
Бар тәлімін беріп елдің жанына,
Бір кездері қырауланар шашы да.
Ұстаз адам ұстаз болып қалады,
Қол соқтырып заман менен ғасырға.

Айта берсек ұстаздарға тіл жетпеген,
Кімге ұстаз білім нәрін төкпеген.
Айтыңдаршы, адам бар ма өмірде

Шөкірттер сіздерді айтып мақтанады,
Бейнелерің жүректерде сақталады.
Біз, жастар, бийктерден көрінеміз
Үмітпен сенімдерің ақталады.
Ұстаздар қандай ғажап асылсындар,
Жан біткен жанарына нұр сыйлаған
Күндей боп күлімдеген жарықсындар!

Дарын бол, мейлің дана бол,
Өтегің бәрі алдынан.
Ұстаздар бейне сара жол.
Ұстаздар - ұлттың тірегі,
Ұстаздар - мектеп жүрегі.
Ұрпаққа жетер ұстазбен
Халықтың ұлы тілегі.

Келесі тамашалайтындарыңыз ән: «Қазақтай ел қайда»

Жүргізуші: Өмір кейде қисық айна секілді,
Сананнан тыс билеп алад еркінді.
Оқиналар еніп кетіп бір түрлі
Келтіреді күлкінді.

-Апай, Мұғалімдер бізден емтихан алғанды жақсы көреді, осы сәтті пайдаланып, біз де ұстаздарымыздан сынақ алып көрсек қайтеді?

1-Әлия:

- Сен сонда ұстаздарымызбен орнымызды ауыстырып көрсек қайтеді дегің кеп тұр ма?

2-Айтжан:

Иә, иә, тура солай, бүгін ұстаздар оқушы болсын, ал біз мұғалім болып емтихан алып көрейік.

1-Әлия:

-ендеше тыныштық сақтаңыздар! Мұғалімдерге арналған емтиханымызды бастаймыз.

(Мұғалімдерге шарлар үлестіріледі. Әр шардың ішінде сұрақтар бар. Мұғалімдер шарды жсарып, сұрақтарға жауап беруі керек).

Сұрақтар: Сұрақтар:

Жазғы кун тоқырау куні қашан? (22 шілде)

Ертеде жіп ируге қандай құралды пайдаланған? (Ұршық)

Қазақстанда "Қызыл кітап" тұңғыш рет қай жылы шықты? (1978)

Шөкерім Құдайбердіұлы орыс әдебиетінің қай классигімен пікірлес болған (Л.Голстой)

Үндістер қай құрлықтың байырғы тұрғындары? (Американың)

«Компьютердің атасы» деп кімді атаған? (Чарлз Бэббэдж)
Бұл термин тіл ғылымы саласында, математикада, биологияда кез-деседі.
Сөзде, өсімдікте және теңдеуде болтын бұл қай сөз. (Түбір)
Адамдар санауды ежелгі кезден бастап үйренген. Сандарды бейнелеу үшін
ағашқа, тасқа таңбалар қалдырған. Күрделі есептеулер жүргізу қажеттілігінен
цифрлар пайда болған.

Адамдар сандарды бірінші рет не арқылы бейнелеген және алғашқы санау
құралы не? (Саусақ)

Жұмадан кейін 4 тәуліктен соң қандай күн келеді? Жексенбіден 3 тәулік
бұрын қандай күн келеді? (Сәрсенбі, Бейсенбі)

Қаздар ұшып келеді. Алдында бір қаз және оның артында екі қаз. Ең
соғы қатарда бір қаз және оның алдында екі қаз. Екі қаздың
ортасында бір қаз және барлық қаз бір қатарда ұшып келеді. Барлығы
неше қаз?

Жауап Үш қаз

Еліміздің рәміздерін және олардың авторларын ата (
Ұлы Отан соғысы қай жылдары болды? (1941-1945ж)

Сіздерге рахмет айта отырып мына өлең жолдарды арнаймыз:

Ұлы өмірге жетелеп,
Ашқан білім есігін.
Құрметтейміз мәпелеп
Ұстаздардың есімін.
Келешекке- алтын бақ,
Қосар таудай үлесін.
Жасай берсін жаркылдап
Ұстаз атты ұлы есім!

Қымбатты Ұстаздар! Сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтай
отырып, бүгінгі күннен естелік ретінде 5- класс оқушыларының
дайындаған сыйлығын қабыл алыңыздар!

Суретшілік мамандығы-мектебімнің басшысы,
Сауаттылық, іскерлікке талап қояд ол кісі.
Ұлан ағай өзіңіздей болса егер,
Шәкірттердің алға басар бар ісі!

Тәрбие мен білім егіз қашанда,
Мықты тірек керек әрбір ұжымға.
Шәкірттерің мектеп атын шығарар,
Салима апай ортамызда сіз барда.

Өміріме қажетті орыс тілі,
Көп тіл білу-артық емес бұл күні.

Лариса апай әрқашан еңбектеніп,
Қиын тілдің үйретті қыр мен сырын.

Қазақ тілдің қасиетін үйреткен,
Сөз сөйлетіп, жыр жаттатып, мәнермен.
Таншолпан, Айнаш ұстаздарым сіздерді,
Құттықтаймыз ұстаздар күніменен

Математика-күрделі пән мектепте,
Ұстаздарым үйретеді еңбекпен.
Қоныс ағай, Айдана апай үнемі
«Рахмет» деп бас иеміз сіздерге!

Ағылшын тілі-жаңа заман талабы,
Біздің Алтынғұл апайымыз сол саланың маманы.
Апайымыз сияқты
Жетік білу шет тілін
Әр баланың арманы.

Жаратылыстың сырларын бізге жетік ұқтырған,
Химия мен биология қызықты пән.
Эльвира мен Жансұлу сізге рахмет айтамыз
Элементтер қасиетін жаттатқан

Интернеттен ақпаратты қарайды,
Сара апай өз пәнінің маманы
Еңбегіңіз жана берсін әрқашан,
Сусындатып біліміңмен талайды

Оқушының сүйікті бір пәні бар
Сурет, еңбек, өзін-өзі тану бар
Сұлу, Гүлбарам, Самат ұстаздарға
Шәкіртгердің сіздерге айтар әні бар
Келесі ән, «*Ұстазым*» *Орындайтындар:*

Дария судың ағыны,
Құрметтеген шәкірті.
Сыйымызға риза бол,
Мұғалімдер қауымы!

Осымен «*Ұстаз – ұлы тұлға*» атты ашық тәрбие сағатымыз аяқталды, уақыт
бөліп келгендеріңізге көп-көп рахмет, сау – саламатта болыңыздар!

Үстаз – ұлы тұлға



№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектеп

«Мұқағали - жүрек үні»



Кітапханашы: Г.Сариева

2025-2026 оқу жылы

АНЫҚТАМА

Іс-шара атауы:

«Мұқағали – жүрек үні»

Мақсаты:

- Қазақтың лирик ақыны МұқағалиМақатаевтың өмірі мен шығармашылығын дәріптеу
- Оқушылардың көркем сөйлеу дағдыларын қалыптастыру
- Поэзияға деген сүйіспеншілікті арттыру

Іс-шара барысы:

Оқушылар ақынның өмірі туралы қысқаша таныстырылым тыңдап, өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Кейбір оқушылар ақын шығармаларына ән мен немесе көрініс түрінде де сахналық элементтер қосты.

Іс-шара оқушылардың рухани-мәдени дүниетанымын байытып, әдебиетке қызығушылығын арттырды.

СЦЕНАРИЙ

Іс-шара атауы:

«Мұқағали – мәңгілік ғұмыр»

Кіріспе (жүргізуші):

Құрметті ұстаздар, оқушылар!

қазақтың ұлы лирик ақыны, жүрек жырын жазған МұқағалиМақатаевтың туғанына 95 жыл.

Оның жырлары – өмірдің шындығы, адамның ішкі жан дүниесі, туған жерге, анаға, Отанға деген махаббат.

Бүгін біз ақынның мәңгілік мұрасын еске алып, оның өлеңдерін жүрекпен оқимыз.

Ақын өмірінен қысқаша мәлімет

Жүргізуші баяндайды:

– Мұқағали Мақатаев 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысы, Райымбек ауданында туған.

– Алғашқы өлеңі 1948 жылы жарық көрді.

– Оның "Аққулар ұйықтағанда", "Фариза", "Ана", "Сүйемін туған тілді", "Отан" атты өлеңдері ел арасында кең танымал.

– Ақын 1976 жылы дүниеде нәтті, бірақ жырлары – мәңгілік.

Өлеңдерді мәнерлеп оқу (оқушылар орындауында)

Оқушы Орындайтын өлеңі

1-оқушы «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін»

2-оқушы «Анама»

3-оқушы «Үшбақытым»

4-оқушы «Туған жерге»

5-оқушы «Поэзия»

6-оқушы «Есіңе мені алғайсың» (ән менайтылуы мүмкін)

Тіпазанығы, дауыс мәнері, жүрекпен оқу бағаланады.

Ақынға арналған көрініс

– Мұқағали бейнесі сахнаға шығып, өзінің өлеңі оқиды (рөлде ойнау)

– Немесе шағын көрініс: "Мен өмірді жырлау үшін келгенмін..." тақырыбымен


Қорытынды сөз кітапханашы:

– Мұқағали поэзиясы – қазақ руханиятының асыл қазынасы.

– Өлеңдерінде өмірге деген сүйіспеншілік, елге деген махаббат, рухани тазалық жатыр.

– Мұқағали жырларыноқыған әр бала – жүректәрбиесіналады.

«М. Мақатаевтың туғанына 95 жыл» іс –шарасынан көрініс




Түркістан облысы

Шардара қаласы

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

«Күзде кітап оқимыз»



Кітапханашы: Г.Сариева

2025-2026 оқу жылы

МӘЛІМЕТ

Мақсаты: Оқушылардың күзгі каникул кезеңінде кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, олардың оқырмандық тәжірибесін байыту және өз бетінше оқуға ынталандыру.

Оқуға ынталандыру:

Оқушылар мен кітап оқудың пайдасы және оның ашатын мүмкіндіктері туралы алдын ала әңгімелер өткізу.

Кітапханада күзгі каникул тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастыру. Оқушыларға оқырман күнделіктерін немесе "кітаптар арқылы саяхат күнделіктерін" жүргізуді ұсыну.

**«Балалар кітапханасы жобасы»
«Менің сүйікті ертегі кітабым»**



Кітапханашы: Г.Сариева

Мәлімет

Тақырыбы: «Менің сүйікті ертегі кітабым»

Форматы: Кітап оқу сайысы

Мақсаты: Балалардың ертегі кітаптарына қызығушылығын арттыру, әдеби сөйлеу дағдыларын дамыту, оқуға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Мектеп кітапханасында бастауыш сынып оқушыларының қатысуымен «**Менің сүйікті ертегі кітабым**» атты кітап оқу сайысы өткізілді.

Сайыс барысында оқушылар өздері оқыған сүйікті ертегілерінің мазмұнын баяндап, үзінділерді мәнерлеп оқыды. Сонымен қатар, ертегі кейіпкерлерін тану, тәрбиелік мағына шығару сияқты танымдық тапсырмалар орындады.

Іс-шара өте қызықты әрі мазмұнды өтті. Оқушылардың көпшілігі кітапқа деген сүйіспеншілігін, сахнада өз ойын жеткізе білу қабілетін көрсетті. Барлық қатысушылар марапатталып, сайыс қорытындысы бойынша үздіктер аталды.

"Балалар кітапханасы" жобасы аясында «Бір сынып – бір кітап»
«Бауырсақ» ертегісінен көрініс.



Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

«Ұлттық валюта күні»

Кітапханашы: Г.С.Ариева

2024-2025 жыл

Мәлімет:

Кітапханада төл теңгеміз ұлттық валюта теңге күніне орай көрме болып өтті.

15 қараша - Ұлттық валюта күні. 1993 жылдың 12 қарашасында Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев ұлттық валюта енгізу туралы жарлыққа қол қойды. Араға үш күн салып, Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге айналымға енгізіледі. Алғашқы қазақстандық монеталар Германияда жезден және никель күмістен жасалды. Бүгінгі күні ұлттық теңгеміз үш жыл қатарынан - 2011, 2012, 2013 - әлемдегі ең әдемі ақша деп танылып, 18 қорғаныс дәрежесі бар әлемдегі ең қорғалатын валюталардың біріне айналған.

Мақсаты: ұлттық валютаның теңгенің шығу тарихымен таныстырып экономикамен ақша айналымы жайлы түсінік беру. Оқушылар теңгеміздің тарихымен таныстыру

Кітапханада төл теңгеміз ұлттық теңге күніне орай айналымы жайлы түсінік беру. Оқушылар теңгеміздің тарихымен таныстыру.

1993 жылғы 15 қарашада Қазақстанның ұлттық валютасы — теңге айналымға енгізілді. Ескі ақшаны қазақстандық теңгеге айырбастау 1993 жылғы 15 қарашада сағат 8.00-де басталып, 20 қарашада сағат 20.00-де аяқталды. Ұлттық Банк бастапқыда 1 теңгені сол кездегі мың рубльге бағалаған болатын.

АСТАНА. ҚазАқпарат - Ең алғашқы ұлттық валютамыз - қазақ теңгесі 1993 жылы шығарылды. Банкноталар Англияның "De La Rue" фабрикасында басылған болатын. Қазақ валютасын өмірге келтірген суретшілер Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Әбжәлеловтер Англияда жүріп, банкноталарды жасауға біршама тер төкті.

1993 жылғы 15 қарашада Қазақстанның ұлттық валютасы - теңге айналымға енгізілді.

Теңге еліміздегі алғашқы ақша емес. Ежелгі Қазақстан аумағында ақша бұдан көптеген ғасырлар бұрын пайдаланылған. Сырдарияда, Отырар алқабында түркі билеушілері, ал Жетісуда түргештер 7-8 ғасырларда өз ақшаларын шығарған. Отырар мен Исфиджабта монет сарайлары жұмыс істеген. Оныңшы ғасырлардың ортасы мен сегізінші ғасырларда қалалар тез өсіп, тауар өндірісі мен сауда көлемі ұлғая түсті. Ұсақ бөлшек саудада көбіне мыс фельстер қолданылды. Алтын монеталар да айналымға түсті, бірақ ол саудада дара түрінде ғана емес, салмағына қарай пайдаланылды: монетаны қажетіне қарай кесектеп сындыратын болған. Он төртінші ғасырдың соңынан бастап Қазақстанда Әмір Темір монеталары айналымға енді. Бұлардан басқа Қазақстан қалаларында саудада Самарқанд, Бұхара, Ташкент

монеталары, негізінен, мыс динарлар пайдаланылды. Қазақстан ақшасының бұрынғы тарихы міне, осындай. Күрделі жиырмасыншы ғасырда Қазақстан біртұтас рубль аймағына кірді. Бұл 1993 жылдың қараша айына дейін, Қазақстан тәуелсіз ел атанғанға дейін жалғасты.

1992 жылы 26 шілде күні Ресей өзінің төл валютасын енгізгеннен бастап, өзге елдердің, соның ішінде «рубль аймағындағы» Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан сияқты елдердің қаржылық жүйелерін бөліп жібергендігін хабарлады. Сондай-ақ, Ресей Орталық банкі Қазақстанға қазақ нышандары бар рубльді шығарып беруді ұсынған.


Соған қоса, олардың мынадай талаптары болды: біріншіден, рубльді пайдалану үшін Қазақстан Ресейдің құрамына, Ресей Федерациясының субъектісі ретінде енуі керек; екіншіден, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жинаған небәрі 700 млн-нан астам АҚШ долларындағы алтын-валюта резервін Ресейдің орталық банкіне тапсыруы керек. Қорыта айтқанда, олар өз рубльін Қазақстан тәуелсіздігімен алмастыруды ұсынды.

Сол уақыттан бастап, Қазақстанда КСРО-ның рубльдері ғана айналыста қалды және өзге рубльден бөлінген аймақтардан олардың келуіне шек қойылмады. Ақыры, оған дейін құнсызданған рубль әрі қарай құнсызданып, инфляция қарқыны 2900 пайыздан асты.

Міне осындай келеңсіз оқиғалардың орын алуы Қазақстанның, төл валютасын шығаруға еріксіз жол сілтеді. Сөйтіп, 1993 жылдың 12 қарашасында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы аумағында ұлттық валютаның енгізілуі туралы шешім қабылданып, 15-18 қарашада КСРО-ның 1961 - 1991 жылдарда шығарылған рубльдерін ұлттық валютамыз тенгеге айырбастау шаралары жүзеге асты.

Осы сәттен бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі эмиссиялық банк болып табылады. Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің эмиссиялық қызметі оның құрылымдық бөлімшелері: Алматы қаласында орналасқан Қазақстан Республикасы Банкнот фабрикасының банкноттары мен Өскемен қаласында Монета сарайында дайындалған монеталар көмегімен іске асады.

Төл теңгеміздің ең алғашқы банкноталары еліміздің тарихын мейлінше терең таныта білген банкноталар болды десек қателеспейміз. Теңгенің қасбеттеріне еліміздің мәдени, саяси өмірінде өшпес із қалдырған тарихи тұлғалардың бейнесі басылса, сырт тұсына кең байтақ жеріміздің сұлу табиғаты мен тарихи сәулет нысандары енді. Банкноталардың дизайнын жасау барысында тарихи тұлғалар таңдалып болғаннан соң, суретшілер екінші проблемаға тап болды. Енді ол тұлғалардың шынайы түр-бейнесін табу керек. Қиындығы сол, тарихи тұлғалардың басым бөлігінің суреттері болмады. Мысалы, Әл-Фарабидің бейнесі хандай болғанын ешкім білмейді. Өз уақытында бұл сурет КСРО Ғылым академиясының стандарты болып бекітілген. Алайда оның өзін ғалымдардың шығармаларынан, мұрағаттан ізлеп табу қиынға соқты. Әбілхайыр ханның суреті ағылшын саяхатшысы Аткинсонның жұмыстарынан табылды. Ал Абылайханның бейнесі орыс көздерінен алынды. Сүйінбай тұлғасы қазақ сурет өнерінің негізін қалаушы Әбілхан Қастеевтен келді.



Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж.Жабиев атындағы бастауыш мектебі

Қыста кітап оқилмыз



Кітапханашы: Г.Сариева

2025-2026 оқу жылы

Қысқы каникул кезіндегі кітап оқу туралы анықтама

Мақсаты: Оқушылардың қысқы каникул кезеңін тиімді пайдаланып, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, олардың оқырмандық мәдениетін дамыту және өз бетінше танымдық әдебиетке ұмтылуын ынталандыру.

I. Оқуды ұйымдастыру:

1. Ұсынылатын әдебиеттер тізімін жасақтау:

Әртүрлі жас топтарына (бастауыш, орта, жоғары сыныптар) арналған қысқы, жаңа жылдық, сиқырлы оқиғаларға толы кітаптар, сондай-ақ классикалық шығармалар мен танымды кәдебиеттер тізімін құрастыру. Тізімге шытырман оқиғалар, фантастика, ертегілер, тарихи әңгімелер, өмір баянды шығармалар сияқты әртүрлі жанрдағы кітаптарды енгізу. Қазақстандық авторлардың шығармаларына басымдық беру.

Тізімдерді мектептің ақпараттық тақталарына, кітапханадағы стендтерге, мектеп сайтына және сынып чаттарына орналастыру.

2. Кітап қорының қолжетімділігін қамтамасыз ету:

Каникул басталаралдында оқушыларға кітапханадан кітап алуға мүмкіндік беру және қайтару мерзімдерін нақтылау.

Каникул кезінде кітапхананың белгілі бір күндері мен сағаттарында жұмыс істеу кестесін жариялау (мүмкін болса).

Оқушыларға қалалық/аудандық кітапханалардың қызметтерін пайдалануды ұсыну.

Оқушыларға заманауи электрондық кітапханалар мен аудиокітаптар платформалары (мысалы, Kіtap.kz, AdebіPortal.kz немесе басқа да қолжетімді ресурстар) туралы ақпарат беру.

Оқуға ынталандыру:

Каникулға дейіні оқушылармен "Қысқы кітапоку марафоны" немесе "Жаңажылдық кітапэстафетасы" сияқты челленджер ұйымдастыру. Кітапханада "Қысқы ертегілер әлемі", "Жаңажыл – жаңа кітаптар" тақырыбында көрмелер ұйымдастыру.

Оқушыларға оқырман күнделіктерін жүргізуді,

оқыған кітаптар туралы қысқаша пікірлер немесе суреттер салуды ұсыну.

II. Каникул кезіндегі іс-шаралар (идеялар):

1. "Менің қысқы оқиғам" әдеби байқауы:

Оқушылар оқыған кітаптарының ізденемесе қысқаша тақырыптарға өздерінің шығармашылдық жұмыстарын әңгіме, өлең, эссе, комикс) жазады.

Үздік жұмыстар мектеп сайтында немесе қабырға газетінде жарияланады.

"Кітапхананың сыйлық сомкесі" (виртуалды іс-шара):

Кітапханашы аптасына бір рет (онлайн форматта немесе алдын ала жазылған видео арқылы) жаңа кітаптарды таныстырып, олардың қызықтыңізділері оқып береді. Оқушыларға оқылған үзінді бойынша сұрақтар қойылып,

жауап бергендер шағын сыйлықтармен ынталандырылады (каникулдан кейін).

"Отбасылық оқу кеші":

Ата-аналарга балаларымен бірге кітап оқуды, содан кейін оқығандарын талқылауды ұсыну. Бұл әрекетті суретке түсіріп, "Біз бірге оқимыз!" хештегімен мектептің әлеуметтік желілерінде жариялауды ұсыну.

III. Қорытындылау:

"Қысқы оқу марафонының" қорытынды кеші:

Каникулдан кейін оқушылардың аңақыған кітаптары туралы әңгімелесетін, пікір алмасатын кездесу ұйымдастыру.

"Ең көп оқыған оқырман", "Ең үздік оқырман күнделігі"

номинациялары бойынша марапаттау.

"Кітапханашыға сұрақ" сессиясын өткізу.

"Қысқы кітап оқиғалары" көрмесі:

Оқушылардың оқырмандық күнделіктерін, кітаптарға салған суреттерін, колөнер бұйымдарын немесе оқыған кітаптарына қатысты кезкелген шығармашылық жұмыстарын көрмеге қою.

"Қысқы мертегілер әлемі" іс-шарасының сценарийі

Іс-шараның атауы: "Қысқы мертегілер әлемі"

Мақсаты: Оқушылардың қысқы әдебиетке қызықтыру, оқырмандық белсенділігін арттыру, жаңажылдық көңіл-күйін қалыптастыру.

Қатысушылар: 1-5 сынып оқушылары, кітапханашы, сынып жетекшілері.

Өткізілетін орны: Мектеп кітапханасы немесе мәжіліс залы.

Безендіру:

Жаңажылдық безендірулер, қарулықтер, гирляндалар.

Қысқы мертегілер мен әңгімелер көрмесі.

Жайлы орындықтар немесе жастықтар.

Іс-шара барысы:

1. Кіріспесөз (Кітапханашы):

Қайырлық күн, балалар! Сіздерді қысқы мертегілер әлеміне қошкелдіңіздердеймін!

Қыс мезгілі – бұл тек аяз бен қарғана емес, сонымен бірге сияқырлы мертегілер мен

тылсым оқиғаларға толы уақыт. Бүгін біз осында жиналып,

кітаптардың сияқырлы әлеміне саяхат жасаймыз.

(Жаңажылдық әуенін ойнап тұрады.)

"Жаңажылдық тілектеріңізге ашы" (Интерактивті сәт):

Кітапханашы: Балалар, сіздер кітапханамызда тұрған "Тілектеріңізге ашы" керіптүрсыздар ма?

Бұлағашқа біз Жаңажылда оқығымыз келетін кітаптардың немесе армандарымыздың ата

уларың жазып, ілеміз. Кім біледі, бәлкім, сіздердің армандарыңыз орындала ма?

(Оқушыларға түрлі-түсті стикерлер мен қаламдар таратылады, олар тілектерін жазып,

ағашқа іледі.)

3. "Қысқы мертегілер калейдоскопы" (Дауыста оқу):

Кітапханашы: Ал енді, назарауларыңыздар!

Біз сіздерге әлемдегі ең ігілі қысқы мертегілерден үзінділер оқып береміз.

Сіздермені оқығанымызға нан кейін,

ертегінің атағын және оның нәтижесін табуға ұтысыңыздар.

Мысалдар:

- Г.Х. Андерсеннің "Қарпатшаймы" ертегісіненүзінді.
- Э.Т.А. Гофманның "Щелкунчик және Тышқандарпатшасы" ертегісіненүзінді.
- М. Морозовтың "Қысқыертегі" немесеқазақхалықертегілеріненқысқаүзінділер.
- (Өрүзіндіденкейіноқушыларертегінінәтауынтабады. Дұрыстапқандармадақталады.)

4. "Ертегілеркейіпкерлерініңқұпиясы" (Викторина):

- **Кітапханашы:** Жарайсындар, балалар!

Ендікімніңертегілерәлемінжақсыбілетінінтексерейік. Мен сұрақтарқоямын, ал сіздержауапбересіздер.

- **Сұрақтармысалдары:**

Қайертегідегіқысөзініңаяқкімінінжоғалтыпалды? (Золушка)

Қыстаұйықтайтынаюдындосыкім? (Маша мен Аю)

Қарпатшаймықайкейіпкердіөзарайнааалыпкетті? (Кай)

Қайжаңажылдықкейіпкердіңмұрнысәбізденжасалған? (Қарадамы)

АязАтағасыйлықтаратүгәкімкөметеседі? (Қаршақыз, бұғылар)

5. "Жанажылдықкөңшілер" (Қараоке немесеөңорындау):

- **Кітапханашы:** Қыс – аңайтатынауақыт! КімЖаңажылтуралыәнбіледі?
- (БалаларЖаңажылтуралыөңдердібіргеорындайдынемесеқараокегеқатысады.)

6. "Қарадамыныңұрастыр" (Шығармашылықтапсырма):

- **Кітапханашы:** Қазірбізкітапханадаөз "Қарадамымызды" жасаймыз.

Әрбірқарадамындаоның "оқығанкітабы" немесе "оқығысыкелетінкітабы" туралыаяқнаратболады.

- (Оқушыларғааққағаздар, маркерлер, қайшыларберіледі.

Оларқарадамыныңсуретінсалып,

оныңішінеқысқықаникулдаоқығысыкелетінкітаптынаыннемесеоқығанкітабы

ныңкейіпкерінжазады.

Соданкейінолардыбірулкенплакатқанемесетақтағажапсырады.)

7. Қорытындыжәнесыйлықтар (Кітапханашы):

- **Кітапханашы:** Жарайсындар, балалар!

Бүгінбізқысқыертегілерәлеміндекереметсаяхатжасадық. Естеріңіздеболсын, кітап – бұләрқашансізбенбіргеболатынсиқырлыдос. Қысқы қаникул кезіндекітапоқудыұмытпаңыздар! Сіздергеқысқыкітаптар мен жаңажылдықкөңіл-күйтілеймін!

- (Кітапоқуғаарналғаншағынсыйлықтарнемесестеліккәдесыйлартаратылады, мысалы, кітапбетбелгілері, кішкентайшоколадтар.)

Қысқықаникулғаарналғанкітапоқутапсырмалары

Тапсырма 1: "Меніңқырманкүнделігім"

- **Нұсқау:** Қысқы қаникул кезіндеоқығанәрбіркітабыңтуралыарнайыкүнделікжүргіз.
- **Күнделіккеенгізілетінмәліметтер:**
 - Кітаптынатауы:

Авторы:

- Жанры (мысалы, ертегі, шытырманокига, фантастика);
- Негізгі кейіпкерлері;
- Қысқаша мазмұны (5-7 сөйлемненаспасын);
- Маған бұл кітап несімен ұнады (немесе ұнамады)?;
- Кітаптан алған ең басты ой (мораль);
- Кітапқа сурет сал (міндетті емес).

Тапсырма 2: "Ертегілер картасы"

- Нұсқау: Қысқы ертегілерді біріні оқып, сол ертегідегі оқиғалар орындалған жерлерді сипаттайтын карта сыз.
- Картада көрсетілген элементтер:
 - Ертегінің атауы.
 - Негізгі кейіпкерлердің қозғалыс бағыттары.
 - Ең маңызды оқиғалар орындалған орындар (мысалы, Қарпат шайымын сарайы, Кайдың үйі, Герданың саяхатындағы тоқтаған жерлері).
 - Әр орынды қысқаша сипаттау.

Тапсырма 3: "Кітап кейіпкерінің хаты"

- Нұсқау: Өзіңе ұнаған қысқы ертегі немесе еңгіме кейіпкерініңатынан хат жаз. Хаттаоның қаникулда не істеп жатқаны, оныңармандары мен тілектері туралы айтылсын.
- Хаттың ұзындығы: Шамамен 10-15 сөйлем.
- Ерекшелік: Кейіпкердің мінезінесайтпқолдануғатырыс.

Тапсырма 4: "Менің қысқы буктрейлерім"

- Нұсқау: Қысқы қаникулда оқыған кітаптарыңның бірінешағын буктрейлер (кітаптың қысқаша бейне жарнамасы) жаса. Ол видео немесе слайд-шоу түрінде болуы мүмкін.
- Буктрейлерде болуы тиіс:
 - Кітаптың атауы және авторы.
 - Бірнеше қысқы сурет немесе бейне.
 - Оқиғаның негізгі желісі туралы қысқаша ақпарат (спойлерсіз!).
 - Неліктен бұл кітапты басқаларға оқуға кеңес беретіні туралы шақыру.

- Ұзақтығы: 1-2 минуттанаспасын.

Тапсырма 5: "Аудио ертегі"

- Нұсқау: Өзіңе ұнаған қысқы ертегінің немесе еңгіменің бір бөлігін дауыстап оқып, аудио жазба жаса.
- Жазу кезінде:
 - Дауысырғағына, интонацияға назараудар.
 - Кейіпкерлердің дауыстарын өзгертуге тырыс.
 - Фондық музыканы (қалауы бойынша) қосуға болады.
- Ұзақтығы: 3-5 минут.

№2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде
Отбасы күніне орай
«Отбасымнан артық не болуы мүмкін?»
тақырыбындағы оқу бұрышының

МӘЛІМЕТІ

Мектебімізде «Отбасы тәрбиесі» бағытында өткен айлық іс – шара жоспарына сай мектеп кітапханасында «Отбасымнан артық не болуы мүмкін» тақырыбында бұрыш ұйымдастырылып, отбасы туралы кітаптарды оқу апталығы ата - аналардың қатысуымен өткізілді. Мақсаты: отбасылық байланыстарды нығайту, өскелең ұрпаққа отасы тәрбиесінің маңызын түсіндіру. Кітапхана мен оқырман арасындағы байланысты нығайту.

Дайындаған: Г.Сариева

Отбасымнан артық не болуы мүмкін?

